



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

ДРАМА ЖАНРЫ РЫМҒАЛИ НҰРҒАЛИ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕ

Ниязов Мұхтар Мәуленұлы

mukhtar_niyaz@mail.ru

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

қазақ әдебиеті мамандығының

1 курс магистранты, Астана Қазақстан

Ғылыми жетекшісі –Қ. Қ. Алпысбаев

Қазақ әдебиеттану ғылымында аз зерттелген сала – драматургия жанры. Әр дәуірдің тыныс-тіршілігі сол кезеңде дүниеге келген әдеби туындыларда көрініс тауып отырады десек, заман шындығы, бүгінгі күн мәселесі әсіресе драматургияда барынша кеңінен көрініс тауып отырады. Әйткені, драманың басты мақсаты – «шындықты жариялау, жалған дүниені әшкерелеу, дәуірдің ең көкейтесті, өткір мәселелеріне қозғау салу». Ұлттық драматургияның даму барысына көз жібере отырып, аталған әдеби жанрдың өрбуіне соңғы уақыттағы қоғамдық- саяси, тарихи-мәдени жағдайлардың игі ықпал жасағанын аңғарамыз. Тәуелсіздік таңымен бірге ортамызға келген «демократия», «жариялылық» сынды ілгерішіл ұғымдар өткен тарихымызды, бүгінгі өміріміз бен келешегімізді қайта сараптауға, ақиқат таразысына салуға жол ашты. Еркіндікті, тәуелсіздікті ежелден мансұқ еткен әдеби-шығармашылық үдеріс өзгеше сипат ала бастады.

Осы орайда драматургия тарих қойнауынан сыр шертетін, кешегі кеңестік өмірдің көлеңкелі жақтарына үңілетін, бүгінгі ұлт өміріндегі өзекті мәселелерді қозғай отырып, ой толғайтын жаңа туындылармен толықты. Бүгінгі күні жаңа сапалық өзгерістерге түскен қазақ драмасының тарихи даму жолы күрделі сатылардан өтті.

Қазақ әдебиеттану ғылымының дамуына үлес қосам деген кез-келген зерттеуші, жас ғалымның соқпай кетпейтін ғылыми еңбектер шоғыры бар. Ол – Рымғали Нұрғалидың іргелі еңбектері.

Әр жылдары ғалым еңбектері туралы академиктер Ғ. Мүсірепов, Қ. Жұмалиев, М. Ғабдуллин, С. Қирабаев, З. Қабдолов, Б.Кенжебаев, Ә. Тәжібаев, М. Базарбаев, Б. Майтанов, Т. Есембеков, А. Еспенбетов, Қ. Алпысбаев сынды ғалымдар пікірлер айтты.

Осы орайда біз де ғалымның драма саласындағы еңбегінің ғылыми сипатына шама-шарқымызша тоқталмақпыз.

Сабыр Шәріпов пен Ғ.Ибраһимовтың шығармашылығынан бастап қазақ әдебиеттану ғылымының дамуына дейінгі аралықта еңбектер жазған академик Р.Нұрғали бүгінгі таңда қазақ әдебиеттану ғылымының биік белесінен орын алған энциклопедист ғалым-ұстаз.

Ғалым «Талант тағдыры» еңбегінде қазақ театрының атасы атанған Жұмат Шаниннің өмір жолы мен оның қазақ халқының мәдениеті тарихындағы орны мен мұраларына жан-жақты талдау жасайды. «Торсықбай», «Арқалық батыр», «Өлімнен үмітке», «Қозы Көрпеш-Баян» пьесаларына бүгінгі талап тұрғысынан лайықты баға береді. Аталмыш еңбек ұлы суреткердің мұрасын тұңғыш зерттеумен және пьесалардағы олқылықтарға, суреттеу әдісінің әлсіздігіне орынды сын айтуымен құнды.

Ұлттық әдебиеттануға студент шағында профессор Бейсенбай Кенжебаевпен бірігіп жазған Сабыр Шәріпов туралы кітапшадан (1961) бастап қазақ әдебиетінің тарихына, теориясына, көкейтесті проблемаларына арналған монография, сын, зерттеулерден тұратын қазақша, орысша басылған жүйелі, іргелі еңбектер берген академик Р.Нұрғалидің қаламынан көптеген монография мен әдеби-сын еңбектер, оқулық пен оқу құралдары, мақалалар, яғни мыңға жуық түрлі деңгейдегі еңбектер туындаған.

Ғалым қазақ драматургиясын, драмалық туындыларды зерттеу саласында драма өнерінің жанрлық қалыптасу кезеңдерін саралап, драматургтер шығармашылығын ғылыми тұрғыдан зерделеп, қаһармандардың түрлі іс-әрекетінің психологиялық болмысын эстетикалық кең ауқымда, ғылыми тұрғыда талдап көрсетеді. Драматург шеберлігі,

көркемдік ойлау жүйесі тәрізді мәселелерді жан-жақты саралайды.

Драма жанрының табиғатын типологиялық тұрғыдан талдай отырып, қазіргі әдеби үрдістің болашағына бағдар береді. «Драма өнері» атты іргелі монографиялық зерттеу еңбегінде трагедия, комедия, драманың әрқайсысына жеке-жеке тоқталып, өзіндік ерекшеліктері мен ұқсастықтарын, іштей жіктелу деңгейін жан-жақты саралап, драма жанрының поэтикасын айқындайды. Қазақ драматургиясының жанрын жүйелі түрде зерттеп, идеялық-эстетикалық ерекшеліктерін айқындап, қазіргі жанрлық дамудың тенденцияларын ашып көрсетуді негізгі нысанына алады.

Р.Нұрғали «Драма өнері» атты монографиялық зерттеу еңбегінде ғылыми проблемалар сан қырынан қаралады. Қазақ драматургиясындағы ірі де ұлы тұлға М.Әуезовтің драмалық туындыларының идеялық-көркемдік ерекшелігі мен тақырыптық аясының сан қырлылығына ерекше мән береді. Қазақ әдебиетіндегі алғашқы тарихи трагедия М.Әуезовтің «Хан Кене» пьесасын: «Көркемдік қасиеттеріне келгенде, Әуезовтің «Хан Кене» пьесасының көп сарындылық, полифониялық сипатын ерекше атап айту керек. Халық өмірінің ең бір күрделі, қиын, қанды кезеңіне арналған трагедиялық үлкен шығарма үшін бас-аяғы жиырма екі кейіпкердің ғана алынуы туындының мейлінше ықшамдылығын көрсетеді. ...Мінездер қақтығысы, тағдырлар шарпылуы Шекспирлік биік деңгейде» [2, 129] деген баға бере отырып, пьеса кейіпкерлері мен шығарма оқиғасына, тартысына және бас кейіпкерлер – Кенесары, Наурызбай, Бопайдың, сонымен қатар сатқын төрелердің пьесадағы көріну деңгейіне ерекше назар аударады. Пьесадағы әрбір кейіпкерге жеке-жеке тоқталып, сан алуан мінез қырларын түрлі ситуациялардағы әрекеттерімен ұштастыра отырып нақты тұжырымдар береді. Өз елінің бостандығы үшін күресіп, елі үшін басын тіккен Кенесарының сыр мен мұңға толы монологу, халықтық салт-дәстүрдің берілу жолдары туралы сөз қозғайды.

«Хан Кене» пьесасы жазылғанына елу үш жыл болса да жарық көрмей, М.Әуезов мұражайының қызметкерлерінің ерлігі арқасында 1983 жылы жиырма томдық шығармалар жинағының он төртінші томына енгізілген. Бұл туындының көркемдігі, академик Рымғали Нұрғалидың сөзімен айтқанда, «драмалық жанрдың барлық талап-тілегіне толық жауап береді» [1, 188].

«Хан Кене» трагедиясы қазақ әдебиетінде ең алғаш тарихи трагедия дәстүрін қалыптастырды. М.Әуезовтен үлгі-өнеге ала отырып, XIX ғасырдың екінші жартысында жазылған І.Жансүгіровтің «Исатай – Махамбет», Қ.Бекхожиннің «Ұлан асу», Т.Ахтановтың «Ант» драмалары тарихи трагедия дәстүрін жалғастырған туындылар болды. Р.Нұрғали зерттеу еңбегінде осы тарихи трагедияларға да ғылыми талдау жасаған.

Т.Ахтановтың «Ант» драмасын талдай келе, пьеса туралы Р.Нұрғали: «Шынында, пьесада ірі істермен қатар детальдау көбейіп, эмоция орнын солғындық басып, созылыңқылыққа ұрыну бар. Ол динамикаға әжептәуір тұсау болған. Пьесаның кейбір тұсында, әсіресе, хан-сұлтандар тәжікесіне ықшамдылық пен ширақтық кірсе, әрекет те айқынырақ танылар еді. Иә, әрекет әлсіреген жерде диалогтар шарпысы күшейсе, әсер артпақ қой...» [3, 326] – деген пікір білдіреді.

Пьесаға персонаж етіп қатыстырған кейіпкерлер түгелге жуық тарихи бейнелер. Олардың қай-қайсысы да жаугершілік қанкешті заманда қиын-қыстаудан өткендер. Көбінің есімі ел есінде сақталған. Енді солар әдеби бейнеге айналғанда тарихи шындықтан әдеби шындық алшақ кетпеуі керек.

Пьеса персонаждарының көбі-ақ өз мінездерін айқындаған, белгілі орны, ісі, мақсаты бар кейіпкерлер. Тек солардың қайсы бірінде заманына лайық ірі тағдырлы, ірі тартысты, психологиялық тұрғыдан шытырман күйді басынан кешкен ірі қалып көріне бермейді. Бұл шығарманың әсерлілігін одан әрі күшейтіп, көтеріп кеткен болар еді. Автордың барынша айқындап, ірі көріністе ұстайтыны, ол – ел, ру басындағылардың бақталас алауыздығы, ортақ мүддеде береке-бірлік таппай қарақан бастың қамына ауа беретіндігі. Айналып келгенде бұл қырсықтың ауыр зардабы ел-жұртқа түсетіндігі. Р.Нұрғали жазушының бұл кеселдің нағыз індет, нағыз сор екенін шығармасында шыншылдықпен дәлелдеп шыққандығына ерекше

тоқталады.

Осы пьесаның үлкен бір жетістігі – тілі. Ол әрі көркем, әрі шешен. Драматург ойлы тілді оралымды қолданады. Автор пьесаның көркемдік бітіміне, жанрлық, сахналық талаптарға айрықша мән берген. «Ең алдымен, тарихи драмаға лайық, ұлттық әдебиетімізде жақсы дәстүрі жасалған өлең формасы шығарманың стильдік, ырғақтық жүйесіне айқын бояу, ашық колорит беріп отыр. Мақал-мәтел, шешендік толғау поэтикасын автор шебер меңгеріп, тұрақты айшық, ою-өрнектерге өз жанынан тың бояу, жаңа келісімдер қосып, құлпыртып, ажарлай түскен» [1, 463].

Көркемдік ізденістердің нәтижесінде негізгі кейіпкерлердің тілдік сипаттамалары нұсқалы, жүйелі, іргелі болып шыққан. Драматург тарихи белгілі оқиғалардың көлеңкесінде қалып қоймай, адамдар арасындағы психологиялық қарым-қатынастарды бейнелейді. Ел тағдыры мен жеке бастың тағдыры таңдауға түскен қилы замандағы хандар, ерлер, билер мінезі көрінеді.

Академик Р.Нұрғали пьесаның мынадай кемшіліктерін атап көрсетеді:

«Пьесаға айтар дау бар ма?

Әуелі орталық қаһарман – Әбілқайыр бейнесінің диалектикасы толық ашылмаған деп ойлаймыз. Пьесада ол бір қырынан, тым ақылды болып берілген. Тарихтағы көп қайшылығы бар

Әбілқайыр қайда? Россиямен қосылуда көптеген себептер бар еді ғой, соларды неге тереңдетіп айтпаймыз? ...

Кейбір образдардың Шекспирдің белгілі «Антоний мен Клеопатра» трагедиясындағы жайттармен тым ұқсас, тіпті үндес келуі – кәнігі шеберлік үлгісі емес...

«Ант» драмасындағы қазақ билерінің ала ауыздығы, Россияға қосылудың тарихи қажеттілігі сенімді бейнеленген. Ал бостандықтан айрылудың трагедиясы, өз алдына жеке ел бола алмаудың сұмдығы, феодалдық бытыранқылық қырсығы солғын көрінеді» [4, 464].

«Ақтабан шұбырынды» тақырыбына қалам тартқан жазушылардың бірі Қ.Бекхожин – тарихи тақырыпқа көптеген шығармалар жазған қаламгер. Ақын тарихи тақырыпқа өлең, поэмалар, зерттеу еңбектерімен қатар драмалық шығармалар да жазған. Жетпісінші жылдардың басында көрермендердің жылы ықыласына бөленген туындыларының бірі – «Ұлан асу» тарихи драмасы. Пьесаға арқау болған негізгі мәселелер – жоңғар шапқыншылығы кезіндегі халық қасіреті, бұл тығырықтан шығар жол іздеген Абылай (Сабалақ) тапқырлығы, алауыздықты тоқтату үшін Ресей, Қытай, Жоңғар хандығымен мәмілеге келуге ұмтылу әрекеттері.

Тарихи драманың сан алуан материалды мол қамтып, көп мақсатты ниет етіп жазылған шығарма екендігі ондағы сан алуан қаһармандар тобынан көрінеді. Пьесаның бас кейіпкері қазақ тарихындағы атақты хан – Абылай. Халық батырлары Бөгенбай, Жәнібек, Бұхар жырау, қалмақ нояндары Дабашы, Әмірсана – бәрі де тарихта белгілі, өмірде болған адамдар.

Пьесаның прологі «Ақтабан шұбырынды» заманын көз алдымызға елестетіп, халық трагедиясын көрсетуімен көрерменді келесі оқиғаны көруге ынталандыра түседі. Сахнада кара бұлт жамылған Қаратау, босқан жұрт, еңіреген ел. М.Әуезовтің «Хан Кене» трагедиясындағы Шеген қарияның толғауымен үндес келетін Әнет баба толғау-монологы керемет тебіреніспен берілген. Шығарманың басында осындай қиын кезеңде «Абылайлап» жауға атой салған Сабалақ өз еліне келеді. Жоңғармен соғыста көрсеткен ерлігі халықты жігерлендіре түседі. Халықтың ұзақ уақыт қасіретке толы кезеңін көрсету мақсатымен автор трагедиясын «Ақтабан шұбырындыдан» кейінгі саяси-әлеуметтік оқиғаларға, жоңғардан кек алып, ел-жұртты жау қолынан босатудың аласапыран кезеңіне құрған.

Оқырман қауым да, көрермендер де кезінде драманы жылы қабылдаған. Академик Р.Нұрғали пьесадағы басты олқылық ретінде Абылай бейнесінің әрлі-берлі жүгіріп, кіжінуі мол, айқайы басым болып бейнеленіп, толық күйінде, драмалық әрекет үстінде көрінбеуін атап өтеді. Бұл шығармашылық еркіндікке тұсау болған сол кездегі тоталитарлық жүйенің әсері екені сөзсіз.

Ғалым Р.Нұрғали тарихи трагедия бұдан бірнеше жыл бұрын өтіп кеткен ескі мен

жаңаның арасындағы тартысты суреттейтіндігіне, нәтижесінде келешек өмір үшін шайқасқан ерлер қаза тапса да, олардың көздеген мақсаты, қиял-армандары түптің түбінде орындалатындығына тоқтала келіп, тарихи трагедияға тән бірнеше ерекшеліктерді атап өтеді:

1. Шығармаға арқау болатын тақырыптың тарихилығы, яғни шығарманың тарихи деректер негізінде жазылуы.

2. Тарихи трагедияның кейіпкерлері тарихта белгілі, халық жүрегінен ерекше орын алатын қаһарман болса, ал шығармаға өзек болған оқиға бүкілхалықтық мағынаға ие болуы керек.

3. Бас қаһарман жеке басының бақыты үшін емес, халық бақыты үшін күреседі.

Міне, осы негізгі қағидаларға жауап берген қазақ драматургиясындағы алғашқы тарихи трагедия – Мұхтар Әуезовтің «Хан Кене» трагедиясы деген тоқтамға келеді.

«Драма өнері» монографиялық зерттеу еңбегінен бұрын жарық көрген ғалымның «Трагедия табиғаты», «Арқау», «Вершины возвращенной казахской литературы» монографиялық зерттеулерінде де драма жанры және драматург шығармашылығы туралы ғылыми тұжырымдар жасалынып, драма жанрының басты қағидалары жан-жақты зерттелініп, зерделенген.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Нұрғали Р. Драма өнері // Жеті томдық шығармалар жинағы. 1 том. – Астана: Фолиант, 2005. – 572 б.
2. Нурғали Р.Н. Древо обновления. – Алма-Ата: Жазушы, 1989. – 368 с
3. Нурғали Р. Эпическая драматургия – Астана: Фолиант, 2004. – 288с
4. Нұрғали Р. Трагедия табиғаты – Алматы: Жазушы, 1968. - 176 б.

ӘОЖ 82-344

ЕЖЕЛГІ ЖЫРЛАР: ТҮТАСТАНУ МЕН ТАРИХИ-КӨРКЕМ ЫҚПАЛДАСТЫҚ

Сайлаубекова Дана Дәулетқызы

Sailaubekovadana@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультетінің

1-курс магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Байтанасова Қ.М.

Көне тарихтың куәсіндей болып, бізге қадым замандардан жеткен ежелгі түркі әдеби жәдігерліктерін жан-жақты зерттеп, олардың ішінде ең асылдарын сұрыптап ала білу керек. Әрі сан ғасырлар бойы халық даналығы тудырған асыл қазынаны бүкіл қоғамдық ой сананы қайта құрып, егеменді еліміздің игілігіне айналдыру – қазақ әдебиеттану ғылымының алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі деп білеміз. Өйткені басқа да түркі тілдес халықтары секілді қазақ халқы әлемдік әдебиет пен мәдениет қазынасына өзінің тиісті үлесін қосып келгені даусыз.

Бұл ретте, қазақ әдебиеттану ғылымының дамуына үлес қосқан ғалымдардың еңбегі орасан зор. Олардың әрқайсысы әр кезеңде қазақ фольклорына, оның ішінде батырлар жырына оның көркемдігі мен мазмұнына көңіл аударған. Олар эпикалық шығармаларды ел арасынан естіп, жинақтап қолжазбаларына енгізіп отырған. Бұл жайында ғалым Т.Сыдықов «Эпостық жырларды баспаға даярлау барысында жырдың мәтінін мұқият тексереді, емлелік жақтарын барынша екшейді. Белгілі жыр нұсқасын орысшаға аударған кезде түсініктер, ескертпелер айтып отыруды да ешбір естен шығарып отырмаған» дейді.

Ғалымдар В.В.Радлов, Г.Н.Потанин, Ш.Уәлиханов, А.Ә.Диваевтың пікірлеріне қарағанда қазақ эпосы ертеде қазақ жерінде тайпалардың өзара таласы кезеңіне байланысты жарық көрген. Шоқан Уәлихановтың айтуына қарағанда «Көптеген батырлық жырлар Алтын